



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қытай халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді позицияны иеленеді. Қытайдың пікірі бойынша қауіпсіздікке бейбіт, барлық мемлекеттердің диалогы және күшінің бірігуі жолымен қол жеткізілуі керек. ҚХР жаңа талаптар мен қауіптерге қарсы тұруға әзір, лаңкестіктің кез-келген формасын айыптайды. Бейжің «үш зұлымдық» деп аталатын – лаңкестік, экстремизм, сепаратизмге қарсы бірізді күрес жүргізіп, мемлекеттердің аумақтық тұтастығының сақталуын қуаттайды. ҚХР осы мәселелердегі мығым позициясы оның өзінің жекелеген территориялары – Тайван, Шыңжаң, Тибетпен күрделі проблемалары болуымен түсіндіріледі. Бұның өзінде оның аумақтық тұтастығына қауіп төнген жағдайда әскери күш қолдану мүмкіндігін есептен шығармайды.

Қалай болғанда Қытай үшін АҚШ және Батыспен қарым-қатынастар бірінші орында тұрады, олар бастан өткеріп жатқан түйткілді мәселелер мен қиындықтарға қарамастан саяси, экономикалық және әскери қатынастарда әлемдегі басым күштер болып қалуда, сондай-ақ ҚХР-мен негізгі сауда-экономикалық әріптестер болып табылады. Өйткені, әлемдік саясат өте күрделі үрдістерге сүйене отырып жүргізіледі. Қытайдың кейбір мемлекеттермен геосаяси мүдделер тұрғысынан бәсекелес болуына қарамастан, экономикалық дамуы мақсатында барлық елдермен жан-жақты қарым-қатынас жасауына тура келеді. Біз Қытайды тек қорғанушы немесе қыспаққа алынушы мемлекет ретінде көрсетуден аулақпыз. Қытайдың кез-келген сыртқы саяси ұстанымдары оның экономикалық мүдделерімен, ішкі терең мәселелерімен үндесіп жатыр. Осы орайда атакты реформатор Дэн Сяопиннің 24 иероглифтен тұратын қағидаттары – «салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен әрекет ету, әр қадамын есептеу, қолайлы сәтті күтіп, шынайы мүмкіндіктерін жасыру, ешқашан өзіне жауапкершілік алмау және кез-келген іс-әрекетке дайын болу»[9] бүгінгі көрші мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси стратегиясының өзегі болып саналатынын ескеруіміз қажет.

Қолданылған әдебиет:

1. Бергер Я.М. Возвышение Китая // Международная жизнь. - № 9. – 2005ж. - б. 46-59.
2. Бергер Я.М. Экономическая стратегия Китая. - М.: ИД «ФОРУМ». – 2009ж. – 560 б.
3. Ся Липин, Цзян Сяоань, Чжунго хэпин цзюэци (Мирное возвышение Китая). - Пекин: Чжунго шэхуэй кэсюэ чубаньшэ. – 2004ж.
4. Чжэн Бицзянь. Чжунгуо хэпин дзюэци синь даолу хэ ячжоу дэ вэйлай (Новый путь мирного подъема Китая и будущее Азии). Выступление на Боаоском форуме // Сюэси шибао, 25.12.2003ж.
5. Доклад генерального секретаря ЦК КПК Ху Цзиньтао на XVII съезде КПК. // http://www.russian.china.org.cn/china/archive/shiqida/200710/25/content_9120930_22.htm.
6. Жэньминь жибао хайвай бань. 24.05.2005ж.
7. Мишина С.И. Чжунгуо ячжоу дэ чжэнцхэ (Политика Китая в Азии)//Чжунян жибао. Тайбэй, Тайвань. - 2009ж. - б. 5-7.
8. Байков А. Кому угрожает безопасность Китая? // <http://www.intertrends.ru/thirteen/016.htm>
9. Е Цзычэн. Большая стратегия Китая: глобальные проблемы и стратегия становления Китая как великой мировой державы и стратегический выбор. - Институт Дальнего Востока: М.; - 2006.

ӘОЖ 904(=512.1)

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБАЛАРДАҒЫ ТҮРКІ МҰРАЛАРЫ

Бегімтаев Шыңғыс Қосманович
beginmtay@yandex.ru

Қараханидтер мемлекеті пайда болған аймақтар алдымен патшалық Ресейдің, одан кейін бұрынғы Кеңес Одағының жерінде болғандықтан алғашқы археологиялық қазбаларды орыс ғалымдары жүргізді. Археологиялық қазбалар кезінде тарихи маңыздылығы жоғары жүздеген мәдени туындылар ұрланды, көптеген тарихи ескерткіштер қиратылды. Ол кездерде орыс әскерлері тас ескерткіштерді гарнизондар мен бекіністер тұрғызу үшін де қолданды. Осындай жағдайларға қарамастан, бұл жерлердегі археологиялық мұралардың көп бөлігін орыс және ортаазиялық ғалымдар сақтап қалды. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мұралардың негізгі бөлігі Санкт-Петербургтың Эрмитажынан, Ресейдің ұлттық мұражайларынан орын алса, біраз бөлігі Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Республикаларының орталық мұражайларына тапсырылды. [1; 120-б.]

Қараханидтер жеріндегі мәдени мұраларды алғашқы тапқан тарихшылар – В.В.Бартольд және Н.Ф.Петровский болды. Осы екі тарихшы бұл аймақтың тек қана сыртқы келбетін көріп зерттеп, яғни археологиялық қазбалар жасамады. Олар қалалардың орталық бөлігі мен мұралардың шоғырланған жерлерін табумен шұғылданды. Өздері тапқан ескерткіштердің қай кезеңге жататындығын анықтаумен айналысты. Осы кезеңге байланысты жасалған ең жақсы археологиялық қазба жұмыстарын М.А.Терентьев басқарды, оны Н.Ядринцев жалғастырды. Н.Ядринцевтың жүргізген қазба жұмыстары басқаларына қарағанда шындыққа жанасатын еді. Осы ғалымдардан кейін А.М.Фетисов зерттеу жұмыстарын басқарып, бірінші болып Қараханид дәуірінің ең маңызды қалаларының бірі – («Қочқарбашы») Қошқарбасынан бірнеше маңызды ескерткіштер тапқан болатын. [2; 232-б.]

1900 жылдардан бастап, түркі тарихына деген қызығушылық арта түсті, Санкт-Петербург университетінде түркітану бөлімі ашылып, түркі тарихымен айналысатын зерттеушілер белгіленді. Университетте еуропалық ғалымдар, әсіресе мажар және неміс тарихшылары да бар болатын. Осындай жұмыстар Орта Азияда жасалатын зерттеулерге оң ықпалын тигізді. Ал 1915 жылы В.А.Васильев Қараханидтердің орталық аймағы болған Шу мен Жетісуға жаңа экспедицияны бастап барды. Аталмыш экспедицияда Қараханид дәуіріне дейінгі түргеш және қарлұқ кезеңіндегі қыш, түрлі металдардан жасалған заттар, теңгелер табылды.

Ресейдегі саяси жағдайларға байланысты 1916-1924 жылдар аралығында археологиялық зерттеулер тоқтап қалады. Орта Азияда археологиялық зерттеулерін Кеңестер Одағы Ғылым Академиясы 1924 жылдан бастап қайта қолға алады. 1927 жылдан бастап табылған археологиялық заттар Б.Дайнеке, 1928 жылы М.Е.Массон және Б.Зацыпкин сияқты ғалымдардың мақала, ғылыми есептерінде жариялана бастады. 1930 жылдан бастап зерттеулер қайтадан азайып кетеді. 1938-45 жылдар аралығында Кеңес Одағында Сталинның ғалымдарды жаппай қудалау саясатымен II.Дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты зерттеу жұмыстары толығымен тоқтап қалғаны белгілі.

1946 жылы атақты археолог А.Н.Бернштам Орта Азияға қатарынан бірнеше экспедиция жасайды. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орта Азиядан түркі тарихында маңызды орынға ие болған ескерткіштер табылды. А.Н.Бернштам алдымен Қырғызстанның солтүстігінде, одан кейін Талас пен Шу аймақтарында археологиялық қазбалар жүргізді. А.Н.Бернштам алғаш рет Баласағұн қаласының орнын тауып, зор жұмыс атқарды. Осы ғалымнан бастау алған жүйелі жұмыстарды Ә.Марғұлан қолға алып, ары қарай орыс археологы Л.Н.Кызласов жалғастырып әкетті. Л.Н. Кызласов Баласағұн қаласы төңірегінде нәтижелі жұмыс атқарды. [4; 212-б.]

Қараханидтер кезеңіндегі ең маңызды археологиялық жұмыстардың бастамашысы – А.А.Семенов болды. А.А.Семенов 1950-жылы Мелик және Бұхарада тапқан археологиялық дәйектерінің тізімін жасай отырып, 1951-жылы Орта Азия мемлекеттік зерттеу университетінің журналында жариялады. Семеновтың осы еңбегінің арқасында басқа археологтардың Мәуереннахр қаласына деген қызығушылығы пайда болды. Ал 1956- жылы

Кожемяко мен Окладников бастаған экспедиция қараханид аймағында толығымен археологиялық іздеу жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, П.Н.Кожемяко Шу мен Талас аймағының ерте орта ғасыр қалалары мен кенттерінің табылуына көп еңбегін сіңірді. 1960-жылы жасалған археологиялық қазба жұмыстары көбінесе Самарқан аймағында жүргізілді. Кеңес археологтарының ішінде Н.Н.Федоров басқарған археологиялық экспедиция Самарқанның Афрасияб аймағында бірнеше қазба жұмыстарын жүргізді. 1970-жылы қараханид кезеңіне жататын археологиялық жұмыстардың көш басында О.Г.Большаков жүрді. Осы жылдарда Н.В.Немцева Афрасияб аймағында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Батыс Қараханид билеушісі І Ибрахим Табғаш ханның тапсырысымен салынған Шах-и-Зинда медресесінің орнын анықтады. Кейінгі жылдарда Самарқанда терең зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жаңа археологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция Өзбекстан мен Ресей этнография және археология Институтының археолог мамандарынан құралды. И.Ф.Буряков, М.Садиев, М.Н.Федоров экспедицияға басшылық жасады. Жасалған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Самарқанның XII-XIII-ғғ. аралығындағы мәдени жағдайына байланысты өте маңызды мәліметтер табылды. Орта Азия, оның ішінде қараханид жерінде жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде С.П.Толстов, Л.И.Ремпель және басқа зерттеушілер бірқатар ескерткішті жарыққа шығарды. [3; 342-б.]

1960-1980-жж. Аралығында жасалған археологиялық зерттеу жұмыстары тікелей қараханидтермен байланысты болмаса да, сол кезең және одан кейінгі кезеңдердегі аймақ тарихының зерттелуінде маңызды рөл атқарып, қараханид жеріндегі Орта Азияның мәдени, географиялық, отырықшы және жартылай отырықшы өмір-салтын айқындады. Осы тұрғыдан Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, К.М.Байпаков, Т.Н.Синигова, Г.А.Брыкина, Н.Н.Негматов, М.А.Бубнова, Л.П.Зяблин, Д.Ф.Винник, В.А.Грошев, К.А.Ақышев, Б.А.Литвинский, А.К.Кибилов, Ю.Ф.Буряков, Ю.А.Заднепровска, Л.И.Албаум, И.Ахраров, және басқа да ғалымдардың сіңірген еңбектері айта кетуге тұрарлық.

Қарахандар қағанаты – X ғасырдың ортасында Жетісу аймағы мен Шығыс Түркістанның бір бөлігінде пайда болған алғашқы Орта Азиялық түркі мемлекеті. Қараханид дәуірі (927 – 1212 жж.) мәдениет пен өнердің даму кезеңі болып табылады. Түркі әлемінде бірінші рет Ислам діні мемлекеттік мәртебеге жетіп, бұл жас мемлекет мұсылман әлемінің ажырамас бөлігіне айналады. Қарахандар дәуірі әсіресе мәдениет, ғылым және өнер салаларымен қызықтырады. Бұл кезеңде көшпелі түркі және отырықшы мәдениеттер арасында өзара ықпалдасу және рухани байланыс қалыптасады.

Қараханид дәуірі кезінде халықтардың мәдени өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл өзгерістер қала құрылысы мен қала мәдениеті арқылы танымал. X -XII ғасырлар қала өмірінің өсу кезеңі болды. Жаңа шаһарлар пайда болып, ескілері өркен жайды. Қалалардың ауқымы рабаттар арқылы өсе берді. Сол кезеңдегі исламдандыру үрдісі ең алдымен қалалық өмірге өз әсерін тигізген болатын. [5; 310-б.] Қолөнер кәсібі, зергерлік, сәулет өнері одан әрі дамыды. Қарашоқ, Қарнақ, Қойлық, Екіоғыз, Ашнас, Баршынкент сынды қалалар пайда болды. Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан үшін қарахандардың маңызы осында.

X-XIII ғасырларда қараханид мемлекеті Орта Азияда болсын, өз жерінде болсын, экономикалық және мәдени деңгейдің жоғарылауында барынша маңызды рөлге ие болды. Аталмыш кезеңде Қашғар, Хотен, Баласағұн, Ташкент, Бұхара, Самарқан, Үргеніш, Термиз және Хорасан үлкен қалаларға айналды. Бұл қалалардың ауқымы одан сайын өсіп отырған.

Жібек жолының орталықтарының бірі – Баласағұн шаһары болатын. Оның нақты орналасқан жері әлі күнге дейін белгісіз. Әл-Макдисидің жазғанына қарағанда, бұл кент халық саны мен жер өлшемі жағынан алдыңғы қатарда тұрған. Махмуд Қашқари оған үш түрлі атау береді: Баласағұн, Күз Ұлыш және Күз Орда. Баласағұн Түркістан аймағының ірі қалаларының бірі болғаны, монғол шапқыншылығына дейін тұрғылықты халқының – мұсылмандардан құралғаны жайлы тарихи мәлімет бар. Бұл шаһардан көптеген ғалымдар шыққан. Баласағұнда қырық ірі және екі жүз кішігірім мешіт, жиырма ханака, он медресе болған.

Археологиялық деректерге қарап, XI – XII ғасырларда құрылыстың дамығанын көре аламыз. Бұл кезеңде құрылыс техникалары дамып, сәулет өнерінде де айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Ғимараттар мен үйлерді салуда күйдірілген кірпіш, акбалшық, мәрмәр тас т.б. жиі қолданылатын болды. Қарахан мемлекетінің кезінде салынған сәулет өнерінің үлгілері – Айша бибі күмбезі, Бабаша Хатун мавзолейі, Аяққамыр және Алаша хан күмбездері дәлел болады.

XI ғасырда жаңа ою түрі пайда болады. Бұл ою геометриялық ирек сызық (гирих) пен араб жазбаларының негізінде жасалған болатын; кейін бұл безендіру тәсілі Исламның ең жарқын әдісіне айналып, көптеген ғасырлар бойы қолданыста болады. IX-X ғасырлардағы оюлармен салыстырғанда, жаңа өрнек нәзіктігімен, әсемділігімен мұсылмандардың көңілінен орын таба білді. [6; 145-б.]

Қараханид кезеңінде металл өндірісі, зергерлік өнер жақсы дамыды. Металлды сәулет өнерінде қолдану бұл уақыттың жаңалығы болатын. Күміс пен қоладан жасалған ыдыстар мен басқа да тұрмыстық бұйымдар араб каллиграфиялық жазбасымен үндестік тапты. Мұнымен қоса соғыс қарулары, саудада қолданылған теңгелер де өндірілді. Алтын мен күміс әшекейлердің сан-алуан түрі жасалған болатын. Қараханид дәуірі Орта Азияның бейнелеу өнерінің жаңа көрсеткіші болды. Бұл кезеңде қала құрылысы, сәулетшілік, бейнелеу өнері дамыды, көшпелі халықтарға тән элементтер бейнелеу өнерінде өз орнын таба білді. X ғасырдан бастап ислам дінін қабылдай бастаған қараханидтер ислам өнерінің дамуына зор үлестерін қосты.

Қараханид кезеңіндегі рухани мәдениетті саралау түркінуизматикасымен де сабақтасып жатады. Бұл дәуірге қатысты түркі теңгелері мен түркілер пайдаланған көршілес елдердің ақша бірлігінің барлық түрлері қолға түскен жоқ. Осыған қарамастан Ресей, Түркия, Англия және Иран мұражайларына түскен қараханидтерге қатысты ақшалар төңірегінде маңызды дәрежеде зерттеулер жүргізілген. Түркілердің ақша бірліктеріне алғаш зерттеу жүргізген ғалым – Х.М.Френ. Жалпы мұсылман елдерінің ақшаларын зерттеумен айналысқан ғалым бірнеше қараханид теңгелерін тауып, олардың ерекшеліктері жайлы мәліметтер қалдырады. Х.М.Френнің ізін жалғастырған және бұл теңгелерге түсініктеме берген ғалымдар – В.В.Григорьев және Б.Дорн.

1986-жылы А.К.Марков мұсылман теңгелерінің каталогын жасайды. Бұл жинаққа 700 қараханид теңгесі енеді. Стейнли Лен-Пул «Британ Мұражайындағы шығыс теңгелердің каталогын» жасап, 1876-жылы өз кітабында қараханидтерге бір тарау арнайды (II том). А.К.Марковпен салыстырғанда ол көрсеткен қараханидтер теңгелері саны жағынан аздау болатын. Уақыт өте бұл теңгелердің саны аздап көбейді.

Осман-түрік тарихшыларының ішінде Ахмет Теухидтің теңгелерге қатысты жасаған зерттеу жұмысын айтуға болады. Автор шығармасының төртінші томының бірінші бөлімін қараханидтердің теңгелеріне арнаған. Бұл ғалымнан кейін Ричард Фасмер осы зерттеуді қолға алған. Кочневтің айтуынша, қараханидтер нумизматикасына маңызды талдау жасаған ғалым – Р.Фасмер болатын. Оның жұмысының ең маңызды бөлігі – теңгелердегі шендердің сараптамасы болды. Р.Фасмер жасаған жұмыс нәтижесінде қараханидтердің теңгелері жоғары дәрежелі тарихи дерек екендігін паш еткен. Бір қарағанда жүйесіз болып көрінген шендер, шын мәнінде нақты жүйеге бағынатынын дәлелдеген. Теңгелер тарихи шындықты толықтыра алатыны, дәлелдей алатыны, тіпті түзей алатыны Фасмерге дейін-ақ дәлелденген болатын. Сонымен қатар, Фасмер жазба деректер арқылы жетпеген тарихи оқиғаларды нумизматикалық мұралар арқылы табуға болатынын бірнеше мысал арқылы көрсеткен еді. Осы бағытты ұстанған О.Прицак та айтарлықтай жетістіктерге жете алды. Қараханид мемлекетінің очергі болып саналатын нақты, қысқа да нұсқа және мәліметі көп Прицактың «Die Karachaniden» атты монографиясын айтып өткен жөн. [3; 231-б.] Бұл жұмыстың негізін қолжазба деректері мен теңгелер құраған.

Қараханидтердің ақша бірлігі жайлы ең терең және маңызды зерттеу жұмыстарын жасаған Кеңес шығыстанушылары – Е.А.Давидович пен М.Н.Федоров. Әсіресе Давидович жасаған зерттеулерінде тек қана қараханид кезеңінің теңгелерімен шектелмей, тарихын,

қалаларын, саяси және әлеуметтік құрылымын, сол дәуірдегі Орта Азия аймағының жалпы тарихи бейнесін суреттеуге тырысқандықтан оның еңбегі маңыздырақ болып отыр. М.Н.Федоров осы күнге дейін қараханидтердің нумизматикасына қатысты 50-ден астам зерттеу жұмысын шығарған. Ол жаңа теңгелер тауып, бірсыпыра теңге орындарын анықтады, қараханидтер теңгелерінде аты жазылған адамдардың барлығын анықтауға тырысты. Жазған мақалаларында (1972, 1974, 1980, 1984) ол Қараханид қағанатының тарихи оқиғаларын көрсетті. Алайда, М.Н.Федоров оқып, жариялаған теңге жазбалары мен түп нұсқасын салыстырған кезде көптеген қателіктер табылады. Аталмыш қателіктерді Кочнев пен Е.А.Давидович қатты сынға алады. Әрине, Федоровтың көптеген теңге жазбаларын дұрыс оқығанын айта кету керек. Түркі теңгелерін зерттеген ғалымдардың бірі – В.В.Бартольд. Нумизмат болмаса да Бартольд тарихи оқиғаларға көз жеткізу үшін қараханидтердің теңгелерін жиі зерттеген еді. [7; 545-б.]

Теңгелерде орын алған бейнелердің ішінде қылыш, найза, жебе, соғыс балталары, айыр, шоқпар, садақ және басқалары бар. Жан-жануарлардың ішінде құс (көгершін, әтеш), мысық тұқымдас жыртқыш аң, піл, қоян, балық бар. Осы мүсіндермен қатар теңгелерде сызық, нүкте сынды оюлардың, үшбұрыш, шаршы, алтыбұрыш, сегізбұрыш, көп бұрышты жұлдыз сияқты геометриялық формалардың да орын алғанын нумизматтардың еңбектерінен көреміз. 400-ге дейінгі элементтің бір ғана кішкентай теңгеде тоғысуы және де жоғарыда айтылған жануарлардың орын алуы қараханид кезеңінде бейнелену өнерінің айтарлықтай дәрежеге көтерілгенінің көрсеткіші іспетті. Қараханидтар дәуіріндегі осындай жәдігерлер түркітануға үлкен үлес болып қосылды және тарихымыздың тереңде жатқанына дәлел болып табылады.

Қолданылған әдебиет:

1. Togan Z.V. Umumi Türk Tarihine Giriş. –İstanbul: Bilim, 1970.
2. Бартольд В.В. Туркестан. - М: Восточная литература, 1963.
3. Necef E. N. Karahanlılar. - İstanbul: Selenge yay., 2005.
4. Марғұлан Ә. Из Истории Городов и Строительного Искусства Древнего Казахстана.– Алматы, 1950.
5. Кожемяко П.Н. Из Истории Раннередневековых Поселений Чуйской Долины. – Фрунзе: ТИИ АН, 1958.
6. Денике Б. Искусство Средней Азии. – Москва, 1927.
7. Önler Z. Karahanlı Dönemi Metinlerinde İnançla İlgili. U.Ü.Fen-edebiyat fakültesi, no. 16, 2009.

УДК [323+338](535) «19»/«20»

ОМАН НА РУБЕЖЕ XX-XXI вв.: ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Бекова Карлыгаш Бактыбаевна

karlygashbekova@gmail.com

Студент 4 курса специальности: «5В020900 - Востоковедение»
факультета международных отношений ЕНУ имени Л.Н. Гумилева,
г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.филол.н. Тулеубаева С.А.

К рубежу XX и XXI вв. Оман подошел как достаточно развитое государство с четкой политической структурой в форме абсолютной монархии, возглавляемой Султаном Кабусом бен Саидом. Страна достигла заметных результатов как на местном, региональном, так и международном уровнях.

Основой социально-экономических реформ, претворяемых правителем, являются пятилетние планы по развитию государства, в которых утверждаются ключевые стратегии и курсы дальнейшего развития Султаната. Важнейшей задачей на данный момент является изыскание альтернативы нефтяному фактору, доход от которого составляет основную часть